

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

«Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне және активтерді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2023 ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: ( \_\_\_\_ парақ)

## **I. Кіріспе**

**1.1.** Аудиторлық іс-шараның атауы: «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне және активтерді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігі және бюджет қаржылардың мақсатына сай пайдаланылуы.

### **1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны,

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2020 – 31.03.2023 жыл.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне және активтерді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 14.04.2023 жыл - 22.05.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 2 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны:  
-Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны,  
-Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қамтылды.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, квазимемлекеттік сектор активтерінің басқару тиімділігіне аудит жүргізу қамтылды.

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №163 қаулысымен Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны оған Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Бөген арнасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта құрылған.

Кәсіпорын қызмет түріне Түркістан облысының коммуналдық меншігіндегі мемлекеттік меншігіндегі су шаруашылығы жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, қоғам мен мемлекетке туындаған қажеттілікке сәйкес әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды шешу мақсатында өндірістік шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты- су шаруашылығы құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Кәсіпорын қойылған мақсаттарын жүзеге асыру үшін қызметтің мына түрлерін іске асырады:

1. Мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыс жайларын күтіп ұстау, пайдалану, жөндеу және реконструкциялау, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2. Елді мекендердің тыныс тіршілігін (ағын) сумен қамтамасыз ету.

Қазақстан географиялық тұрғыда жартылай шөлейт аумақта орналасқан. Климаттық 4 белдеуді (орманды дала, дала, шөлейт, шөл) қамтиды.

Түркістан облысы елімізде суармалы егіншілік дамыған өңір болып табылады. Мұнда көкөніс, бақша, жеміс-жидек, жүзім өсірумен айналысады. «Ақ-алтын» мақта дақылын өсіретін бірден — бір аймақ. Республикадағы суармалы жерлердің 4/1 бөлігі облысқа тиеселі немесе 552,1 мың гектар.

Дегенмен, бүгінгі таңда ауыз сумен қоса егістікке қажетті ағын су тапшылығы әлем елдерін алаңдатқан 21 ғасырдың өзекті мәселесіне айналды.

Оған себеп, жаһандық жылыну процесі әсерінен ғаламдық температураның көтерілуі, жауын-шашын мөлшерінің күрт азаюы, су ресурстарының дұрыс бөлінбеуі жылдан-жылға су тапшылығының деңгейін арттыруда.

Осы тұста, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына жолдауында, *«БҰҰ алдағы 10 жыл ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр. 2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін. Сондықтан біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек»* деп атап өтіп, Үкіметке нақты міндеттерді жүктеді.

Түркістан облысы құрылып, Түркістан қаласының Түркі елінің рухани Астанасы ретінде қалыптасуы кезеңінде облыс орталығы мен елді-мекендерді көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына ағын су қажеттілігі еселеп артты.

Осыған байланысты 2019 жылы аймақта Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты «Тұран су» мекемесі құрылған.

Аталмыш кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты мен қызметі мемлекет меншігіндегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыс жайларын күтіп ұстау және пайдалану.

Кәсіпорын тарапынан ұсынылған мәліметтер бойынша кәсіпорын теңгерімінде 5 су қоймасы, 3 су торабы, 3 магистралды канал және 103 ішкі шаруа аралық каналдар және 3 өндірістік-техникалық базасы 79 арнайы техникалары мен шаруашылыққа қажетті өзге де 15 құрал-жабдықтары бар.

1.Ордабасы ауданында орналасқан «Бөген» су қоймасы – Сыйымдылығы -370 млн. текшеметрді құрайды. 70 610 гектар егістік алқап ағын сумен қамтамасыз етіледі. Су қойма «Бөген», «Арыс» және «Боралдай» өзендерінің суымен толығады.

2.Кентау қаласында орналасқан «Қосқорған су қоймасы» . Сыйымдылығы 37,3 млн. текшеметр құрайды. 7756 гектар егістік алқап ағын сумен қамтамасыз етіледі.

3. Кентау қаласында орналасқан «Кеңсай Қосқорған -2 су қоймасы» Сыйымдылығы 18,0 млн. текшеметр құрайды. Ағын су Түркістан қаласын көгалдандыру, абаттандыруға жұмыстарына бағытталуда.

4. Ордабасы, Отырар, Бәйдібек және Сауран аудандары арқылы өтетін «Түркістан магистралды каналы». Ұзындығы 142 шақырым. 65838 гектар егістік алқап ағын сумен қамтамасыз етіледі.

5. «Қараспан магистралды каналыны». Ұзындығы 24 шақырым. 4442 гектар егістік алқап ағын сумен қамтамасыз етіледі.

6. «Арыс магистралды каналыны». Ұзындығы 59,7 шақырым. 8692 гектар егістік алқап ағын сумен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, Ордабасы ауданындағы «Қараспан су торабы» (су өткізгіштік қабілеті секундына 700 текше метр), Сайрам ауданындағы «Жоғарғы Ақсу су торабы» (су өткізгіштік қабілеті секундына 106 текше метр), «Орта Ақсу су торабы» (су өткізгіштік қабілеті секундына 70 текше метр) ел игілігіне қызмет етуде.

Аталған су нысандар арқылы Ордабасы, Отырар, Бәйдібек, Сауран аудандары және Түркістан, Кентау, Арыс қалаларында 105 мың гектар егістік алқаптар ағын сумен қамтамасыз етіледі. 2022 жылы осы егістік алқаптарға 583,5 млн. текше метр ағын су жеткізіліп, вегетациялық кезең қалыпты деңгейде өткізілген.

2019 жылдан бері Магистралды каналдардан таралатын иесіз, құжаты жоқ, жекеменшік 103 шаруа аралық каналдар мекеме теңгеріміне қабылданып, суды арналар арқылы беру қызметіне тарифтік сметаны бекіту мақсатында Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментіне ұсынылып, 2020 жылғы 6 қазандағы бұйрығына сәйкес тариф бағасы 1000 текше метрге = 284,39 теңгеге (ҚҚС-мен) бекітілген. Су пайдаланушыларға көрсетілерін қызметтер аттестациядан өткен 207 су өлшеу бекеттері арқылы жүзеге асырылуда. Соның негізінде шаруаларға ағын суды жеткізіп беру қызметі үшін қосымша 103 азамат тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

«Тұран су» мекемесі шаруаларға пайдаланған ағын су үшін төленетін төлемді Kaspi.kz қосымшасы арқылы оңтайландырылған жүйеде ұйымдастырылған. Бұл өз кезегінде мекеме мамандары мен шаруалардың уақытын тиімді пайдалануға және көлеңкелі қаржы айналымының тәуекелділігін болдырмауға мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, «Түркістан магистралды каналының» су өткізу құрылымдарына Австралиялық «Рубикон Воутердің» тәжірибесімен автоматтандыру жүйесі орнатылуда. 59 шақырым канал бетонмен қапталып, қала аумағындағы 2,1 шақырым канал бойы абаттандырылған. Нәтижесінде жылына 60 млн.м<sup>3</sup> ағын су үнемделеді деп болжануда.

Ауыл шаруашылығы басқармасының тапсырысы негізінде 2020-2022 жылдары 9 су нысандарына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 56 шақырым шаруа аралық каналдар бетонмен қапталған. Нәтижесінде 7222 гектар суармалы жерге су жеткізу қабілеттілігі артып, жаңадан 478 гектар суармалы жер айналымға қосылған.

Сондай ақ, 2021-2022 жылдары Жетісай және Мақтаарал аудандарындағы коммуналдық меншіктегі жалпы ұзындығы 382 шақырым құрайтын барлық 175 бірлік қашыртқыларға механикалық тазалау жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде 47,8 мың гектар суармалы жерлердің мелоративтік жағдайы жақсарып, ауыл шаруашылығы дақылдарының гектар түсімділігі 15-20 % артқан.

Бұдан бөлек, 2020-2022 жылдары «Тұран су» мекемесі өз меншігіндегі Ордабасы, Бәйдібек, Сауран аудандары мен Арыс қаласындағы 267,6 шақырым 129 шаруа аралық каналдарға өз қаржысы есебінен механикалық тазалау жұмыстарын жүргізіліп, су шығындары төмендеп, 25,8 мың гектар суармалы жерге су жеткізу қабілеттілігі артқан.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік техникалық базасының бірі Ордабасы ауданына қарасты Төрткүл ауылында орналасқан. Жалпы аумағы 1,2 гектарды құрайтын бұл база 2020 жылы мекеме меншігіне алынып, техникаларды жөндейтін барлық замануи токарь, фрезарь, бұрғылау станоктарымен, престоу қондырғысымен қамтамасыз етіліп, сала мамандарының жұмыс жасауларына қолайлы жағдайлар қарастырылған.

Кәсіпорынның меншігіндегі техникаларға JPS қондырғылары орнатылып, маршруттары мен жанар-жағар май шығындары тұрақты бақылауға алынған.

2021 жылы мекемені дербес әкімшілік ғимаратпен қамтамасыз ету мақсатында, «Тұран су» мекемесі өз қаржысы есебінен Түркістан қаласының жаңа әкімшілік іскерлік орталығы аумағынан ауданы 1 783,3 шаршы метрді құрайтын 3 қабатты әкімшілік ғимарат салуды қолға алып, бүгінгі күні ғимараттың құрылыс жұмыстары толық аяқталып пайдалануға беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 01 қыркүйектегі халыққа арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан Іс-қимыл» атты жолдауы және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №908 қаулысы негізінде және жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген мекемелерін жекешелендіру жөніндегі жол картасы аясында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 17 маусымдағы №20-1-11/1690-И хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында, Ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты 16 аудан, қаладағы «Ветеринариялық қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды қосу жолымен біріктіріп, орталықтандырылған Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорны құрылған.

Ветеринариялық кәсіпорынды біріктіру ветеринария саласындағы қызметтің біртекті түрлерімен айналысуға, мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыруға, мемлекеттік заңды тұлғалардың санын қысқартуға, ветеринариялық дәрігерлердің қызметтер тарифтерінің мөлшері бойынша жалақыларын жоғарылатуға, бюджеттік өтінімдерді және басқа құжаттарды әзірлеу қажеттілігінің болмауы есебінен кәсіпорындарды басқаруды жақсартуға, әкімшілік-басқару персоналын оңтайландыру есебінен өндіріс шығындарын азайтуға және облыс аумағында жануарлар мен ортақ аса жұқпалы аурулардың алдын алуға және халықты сапалы азық түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 жылы пилоттық жоба ретінде құрылған Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының орталықтандырылған облыстық «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын облыс аумағындағы ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жедел басқару-ұйымдастырушылық функциясын атқару мақсатында аудан, қаланың штат санын шектеп орталықтандырылған. Негізгі ветеринариялық жұмыстарды орындаушылар аудан, қала екендігін ескере отырып, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты облыстық «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-нын қысқарту, аудан, қалалардағы ветеринариялық дәрігерлердің аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын алу бойынша жауапкершілігін арттырады.

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылы 9-наурыздағы №65 Қаулысымен, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылған. Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылы 6-сәуірдегі №55 Қаулысымен, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Түркістан облысы ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

### **Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша**

Жалпы аудитпен 15 378 754,8 мың теңге көлемінде активтер қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 2 объекіден 835 957,1 мың теңгеде қаржылық бұзушылықтар және 1 мекемеде 332 355,7 мың теңгеде тиімсіз пайданылған бюджет қаржаты, 2-объектіде 14 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **1 168 312,8 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **168,6 мың теңге;**
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **835 788,5 мың теңге.**

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **332 355,7** мың теңге.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **835 957,1** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **835 788,5** мың теңге, өтелуге жататыны **168,6** мың теңге.

Жалпы барлығы **835 957,1** мың теңге өтеліп, қалпына келтірілген, -аудиторлық іс-шара барысында 835 890,7 мың теңге, оның ішінде: (оның ішінде 835 788,5 мың теңге қалпына келтірілген болса, 102,2 мың теңгесі өтелді)

-аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 66,4 мың теңге (өтелгені 66,4 мың теңге).

**Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 2 мекемеде 168,6 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

1. Айлық жалақыны дұрыс есептемеу салдарынан 2 мекемеде **168,6 мың теңге** қаржылық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

-Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 66,4 мың теңге;

-Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 102,2 мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек Кодексінің 103-бабының 1-тармағының талабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысымен бекітілген 18-қосымшасының талаптары сақталмаған.*

**II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 2 мекемеде жалпы 835 788,5 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

-Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 38 512,1 мың теңге;

-Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 797 276,4 мың теңге.

*Бұл ретте: 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 115 бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 1,3,4 тармақтарының, 13 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 11, 21, 58 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 Бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 4, 14, 16, 17, 18, 20, 21 тармақтарының талаптары сақталмаған.*

### **III. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 332 355,7 мың теңгені құраған.**

- Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 332 355,7 мың теңге;

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабы 4 тармақшасының мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принципі сақталмаған және осы Заңның 17 бабы 24 тармақшасына сәйкес облыстық жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етпеген.*

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 2 объектіде жалпы 14 бірлік бұзушылық фактілері орын алған.**

Атап айтқанда:

**1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 2 мекемеде 9 бірлік анықталған:**

1. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК бойынша 4 бірлік;

2. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 5 бірлік;

**2. Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар бойынша 2 мекемеде 5 бірлік анықталған:**

1. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК бойынша 2 бірлік;

2. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша 3 бірлік;

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №163 қаулысымен Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны оған Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Бөген арнасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта құрылған.

Кәсіпорын қызмет түріне Түркістан облысының коммуналдық меншігіндегі мемлекеттік меншігіндегі су шаруашылығы жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, қоғам мен мемлекетке туындаған қажеттілікке сәйкес әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды шешу мақсатында өндірістік шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Осы аудит Ережеге сәйкес жүктелген, ауданның меншігіндегі су шарушылығы жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, қоғам мен мемлекетке туындаған қажеттілікке сәйкес әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды шешу мақсатында өндірістік шаруашылық қызметтерді жүзеге асырылған.

Осылайша, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны су шарушылығы жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, қоғам мен мемлекетке туындаған қажеттілікке сәйкес қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауға қатысады.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметіне қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға және өкілеттіктерге қол жеткізуде.

– Түркістан облысы бойынша облыс аумағында ветеринарлық санитарлық жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты- Ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Энзоотиялық іс-шаралар бойынша 2022 жылы энзоотиялық ауруларға қарсы көктем және күзгі маусымдарда бекітілген жоспарға сәйкес 2 874 328 бас ірі қара малдарға (100%), 9 322 699 бас (100%) ұсақ малдарға *Ивервет-Е препараты* егілсе, үй іргелік қора-жайлармен жапсарлас аумағы 71 347 089 ш/м (100%) инсектоакарацидті *Дизицип сұйықтығы* шашылып және мал иірімдерімен суаттар, бұталар үшін 27 935 983 ш/м *Финтифин супер* ұнтағымен залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Ұсақ мал сольмонеллез ауруына 343 425 бас, жылқы сақауы 92 900 бас және түйенің су ауруына 28 200 басқа екпе егілген.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша: МІҚ– 342 935 бас, Ұсақ мал – 1 851 493 бас, жылқы - 103 118, түйе - 6120 бас, шошқа – 4026 бас бірдейлендіріліп, дерекқорға тіркелген.

Ветеринариялық анықтама бойынша: 2022 жылы аудан, қала филиалдарында 32 480 дана Форма 1 бланкасы, 39 032 дана Форма 2 бланкасы және 125 дана Форма 3 бланкасы қолданылған.

Энзоотиялық іс-шаралар бойынша 2023 жылдың көктем және күз маусымдарына 3 056 605 бас ІҚМ (түйе, жылқы, МІҚ) бүрку әдісі, ал ұсақ малдарды тоғытуға (қой, ешкі) бойынша: 9 773 617 бас, қора-жайлармен жапсарлас аумақтар 74 156 762 ш/м және мал иірімдерімен суаттар 29 186 268 ш/м залалсыздандыруға, ұсақ мал сольмонеллез ауруына 367 590 бас, жылқы сақауы 64 784 бас және түйенің су ауруына 29800 басқа жоспарланған.

Қазіргі таңда мал иірімдерімен суаттар, бұталар 13 353 476 ш/м 92%, қора-жайлармен жапсарлас аумақтар 16 014 694 ш/м 43% және ірі қара малдарды бүрку 61 714 бас 4%-ға жеткен.

2023 жылға құлақ жапсырмалар бойынша 2022 жылдың 16 маусымында 2 588 760 дана ұсақ малға және 22 қыркүйекте 446 300 дана, түйе малына 7513 дана құлақ жапсырмаларымен қамтамасыз етілген.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша: МІҚ– 95 794 бас, Ұсақ мал – 382 994 бас, жылқы – 21 496, түйе - 639 бас, шошқа – 10 бас бірдейлендіріліп, дерекқорға тіркелген.

Ветеринариялық анықтама бойынша 2023 жылы қазіргі таңға аудан, қала филиалдарында 7726 дана Форма 1 бланкасы, 6799 дана Форма 2 бланкасы және 136 дана Форма 3 бланкасы қолданылған.

2021 жыл қорытындысымен ұзақ мерзімді активтер 1 199 658,4 мың теңгені, ал 2022 жыл қорытындысымен ұзақ мерзімді активтер 1 038 446,5 мың теңгені құраған.

2021 жылдың қазан-желтоқсан айларында кәсіпорын есеп шотына мемлекеттік тапсырысты орындау үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасынан 652 181,1 мың теңгеге қаржыланған. Атап айтқанда:

255 011 «Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстау және жұмыс істеуін қамтамасыз ету қызметі» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 124,9 мың теңгеге Төлеби ауданында орналасқан өлексе тастайтын шұңқырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген;

255 013 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 19 006,0 мың теңгеге 11 831 бас жоспар бекітілген. Бекітілген жоспардан тыс 907 бас ауланып, барлық орындалуы 12 738 басты құраған;

255 012 «Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3 196,0 мың теңгеге жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою үшін қаржыланып, Аса қауіпті жұқпалы ауруға «оң» нәтиже көрсеткен 269 бас (оның ішінде ірі қара 234 бас, ұсақ мал 503 бас) ауыл шаруашылығы жануарларды жою жұмыстары жүргізілген;

255 070 «Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 568 468,0 мың теңгеге жануарлардың эпизоотиялық аурулары бойынша мал дәрігерлік шаралар өткізу, қызмет көрсету жоспары бойынша мүйізді ірі қара мал - 490 400 доза, уақ мал 1 975 465 доза, жылқы 1388 доза, түйе 3 200 доза, тошқа 500 доза, ит 187 010 доза, құс 217 500 доза вакцинациялар егіліп 100%-ға орындалған.

2022 жылы кәсіпорын есеп шотына мемлекеттік тапсырысты орындау үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасынан 4 715 120,3 мың теңгеге қаржыланған. Атап айтқанда:

255 011 «Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырларды) күтіп ұстау және жұмыс істеуін қамтамасыз ету қызметі» бюджеттік бағдарламасы бойынша 18 296,0 мың теңгеге 6 биотермиялық шұңқырларға жөндеу жұмыстары, 314 «сібір жара» ошақтарын дезинфекциялау, күтіп ұстау жұмыстары жүргізілген;

255 013 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 107 295,63 мың теңгеге

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жоспар бойынша 48550 бас, нақты 64739 басты құрап, жоспар 133%-ға орындалған;

255 012 «Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 8229,0 мың теңгеге аса қауіпті жұқпалы ауруға «оң» нәтиже көрсеткен 737 бас (оның ішінде ірі қара 234 бас, ұсақ мал 503 бас) ауыл шаруашылығы жануарларды жою жұмыстары жүргізілген ;

255 028 «Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 40 134,7 мың теңгеге препараттарды негізгі қоймалардан (Астана, Ақтөбе және Алматы қалаларында орналасқан) уақытша сақтау қоймаларына дейін тасымалдау қызметтерімен барлығы 38,3 млн. басқа (оның ішінде 9,2 млн.бас ІҚМ, жылқы, түйе, шошқа үшін, 27,6 млн.бас ұсақ мал, ит, мысық үшін, 1,4 млн.бас құстар үшін) ветеринариялық препараттар тасымалданып, жоспар 100,0%-ға орындалған.

255 039 «Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 436 966,0 мың теңгеге 12 197 027 бас ауыл шаруашылығы жануарларына (2 874 328 бас ірі малдарға, 9 322 699 бас ұсақ малдарға) кенеге қарсы антипаразиттік препараттар салу, 99 283 072 шаршы метр қора жайлар мен жапсарлас аумағы және мал иірімдері, суаттар, бұталар, мал шоғырланатын орындарды залалсыздандыру, 28 200 бас түйелер су-ауруына, 92 900 бас жылқылар сақауға, 343 425 бас ұсақ малдарға салмонеллез ауруына қарсы вакцина егу жұмыстары жүргізілген.

255 070 «Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 4 104 299,0 мың теңгеге жануарлардың эпизоотиялық аурулары бойынша мал дәрігерлік шаралар өткізу бойынша қызмет көрсету жоспар бойынша мүйізді ірі қара малға 7 722 092 доза, уақ малға 27 668 042 доза, жылқыға 466 315 доза, түйеге 75 878 доза, шошқаға 11 130 доза, итке 754 260 доза, мысыққа 32 960 доза, құсқа 1 425 720 доза, жабайы ет қоректілерге 200 000 доза вакцинация егіліп, мүйізді ірі қара мал 1 016 484 бас, уақ мал 4 012 220 бас, түйе 30 148 басқа қан алу жұмыстары жүргізіліп 100%-ға орындалған.

2023 жылы Кәсіпорын есеп шотына мемлекеттік тапсырысты орындау үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасынан 864 703,0 мың теңге қаржыланған. Атап айтқанда:

255 013 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша – 14 703,0 мың теңгеге қараусыз қалған және жансыздандырып аулау қызметіне өтініштер бойынша 13 970 басты құрап, орындалған;

255 070 «Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша – 850 000,0 мың теңгеге 2023 жылы I тоқсанда мүйізді ірі қара мал 635 957 доза, уақ мал 1 828 637 доза, жылқы 42 732 доза, түйе 5688 доза, шошқа 498 доза, ит 173 948 доза, мысық 13 240 доза, құс 72 500 доза, жабайы ет қоректілер 210 100 доза вакцинация жұмыстары жүргізіліп, мүйізді ірі қара мал

237 950 бас, уақ мал 774 459 бас, түйе 1172 басқа қан алу жұмыстары жүргізілген.

Алайда, кәсіпорынның 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары мерзімінен кеш бекітіліп, мемлекеттік мүлік тізіліміне мерзімінен кеш енгізілген. 2021 жылы кәсіпорынның даму жоспарында жалпы кірістер жоспары 652 233,6 мың теңгеге бекітілген, жоспар 100 пайызға орындалған.

Сонымен қатар, 2021 жылы даму жоспарының шығыстары 774 798,6 мың теңгеге бекітілген, жоспар 100 пайызға орындалған. Жалпы шығыстардың 13 941,1 мың теңгесі әкімшілік шығындарға жаратылған.

Берілген мәліметіне сәйкес аудитпен қамтылған аралықта кәсіпорын теңгеріміндегі 2012-2017 жылдары салынған Түркістан облысының қалалар мен аудандарда орналасқан 195 қолдан ұрықтандыру бекеттер (пунктер) (жалпы көлемі 98 251,4 шаршы метр) 2018 жылдан бері пайдалынбай тұрғаны немесе жалпы құны (баланстық құны) 332 355,7 мың теңге болатын активтерді тиімсіз пайдаланғаны анықталды.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметіне қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға және өкілеттіктерге қол жеткізуде.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Мемлекет аудит барысында 102,2 мың теңге, аудиторлық қорытындыны дайындау барысында 66,4 мың теңге қаражаты тиісті бюджетке өтелді және 835 788,5 мың теңге қалпына келтірілді.

**Мемлекет аудит материалдарын әкімшілік құқық бұзылушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру туралы және оларды қараудың нәтижелері бойынша мәліметтер:**

**Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша барлығы әкімшілік құқық бұзылушылық туралы істерді қарау үшін 4 материал жолданды.**

**Атап айтқанда:**

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына яғни екінші қол қою құқығы болған кәсіпорынның бас есепшісі қызметінің міндетін уақытша атқарушы Байырбеков Бақытжан Тайбековичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 31.05.2023-ғы № 10/1274 санды хатпен жолданды.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында бухгалтерлік есеп

туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына яғни екінші қол қою құқығы болған кәсіпорынның бас есепшісі қызметінің міндетін уақытша атқарушы Байырбеков Бақытжан Тайбековичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 31.05.2023-ғы № 10/1274 санды хатпен жолданды.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына яғни екінші қол қою құқығы болған кәсіпорынның бухгалтерлік есеп және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, бас есепшісі Бердібайқызы Қымбатқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 31.05.2023-ғы № 10/1265 санды хатпен жолданды.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында бухгалтерлік есеп туралы заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына яғни екінші қол қою құқығы болған кәсіпорынның бухгалтерлік есеп және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, бас есепшісі Бердібайқызы Қымбатқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 31.05.2023-ғы № 10/1266 санды хатпен жолданды.

Аудиторлық іс-шара барысында барлығы 3 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша:

-Мекеме директорының 2023 жылғы 19 мамырдағы №210-жк бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорынның бас есепшісі Байырбек Бақытжан Тайбековичке «сөгіс»;

2. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бойынша:

-Кәсіпорын директорының 2023 жылғы 18 мамырдағы №91 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорын басшысының орынбасары А.Оразбековке "ескерту" және кәсіпорынның бухгалтерлік есеп және

бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, бас есепшісі Қ.Бердібайқызына "ескерту" түрінде тәртіптік шаралар қолданылған.

### **3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

Жалпы аудитпен ішінде 2022 жыл тексеру кезеңіне 15 378 754,8 мың теңге көлемінде активтер қамтылды, оның ішінде 1 168 312,8 мың теңге сомасында бұзылушылықтар анықталды, бұл қамту сомасының 7,6 % құрады. Бұзылушылықтардың жалпы көлемінде қаржылық бұзылушылық 71,5 пайыз үлес салмағын алып отыр.

Кәсіпорындардың даму жоспарының нақтылануын мерзімінен кеш бекітіліп, мемлекеттік мүлік тізіліміне мерзімінен кеш енгізілген.

Сондай-ақ аудит бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың жеткіліксіздігін көрсетті. Осылайша аудит объектілерінің көпшілігінде бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталды, оның ішінде балансқа негізгі құралдар мен қорларды кіріске алмау, мал өлексесін тастайтын биотермиялық шұңқырдың кәсіпорынның есебінен негізсіз шығару, бухгалтерлік есеп құжаттарын тиісінше рәсімдемеу, қалыптасқан кредиторлық қарыздар қаржылық есептілікте (Бухгалтерлік баланста) мүлдем көрсетілмей бұрмаланып, дебиторлық және кредиторлық қарыздар бойынша түгендеу жүргізілмегені, бухгалтерлік есеп сапасының жалпы төмендегін көрсетті.

Аудит объектілері қызметкерлері заңнаманы сақтамауы есебінен еңбек ақыны дұрыс есептемеу салдарынан бюджет қаражатын негізсіз төлеуге әкеп соқты.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

### **3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

**1.** Тексеру комиссиясының отырысында «Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігіне және активтерді пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

**2.** Аудиторлық іс-шара барысында және аудиторлық қорытынды дайындау барысында барлығы 835 957,1 мың теңге өтеліп қалпына келтірілгені, *(оның ішінде 835 788,5 мың теңге қалпына келтірілген, 168,6 мың теңгесі өтелген)* сондай-ақ, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 3 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 4 материал жолданғаны назарға алынсын.

**3.** Аудиторлық қорытындыдан үзінді облыс әкімдігі мен облыстық мәслихатқа және Түркістан облысы бойынша ауыл шаруашылығы басқармасына жолдансын.

**3.4 Қосымша:** Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.